

Павлодар облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 110/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 23 сәуірде № 7259 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" № 282 бұйрығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері бекітілсін.

2. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Қ. Байхановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Скаков

Павлодар облысы әкімдігінің

2021 жылғы 21 сәуірдегі

№ 110/3 қаулысымен

бекітілген

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері

№	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері	Қолданылу мерзімі
1	Тауық жұмыртқасы (1 санат)	Павлодар облысы	ондық үшін 398 теңге	9 0 күнтізбелік күн

2	Күнбағыс майы	Павлодар облысы	литріне 625 теңге	9 0 күнгізбелік күн
---	---------------	-----------------	-------------------	---------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК